

Бескөл ауылдық округіндегі көше атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Бескөл ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 03 мамырдағы N 20 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 10 маусымда N 2-5-102 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағына сәйкес, Алакөл аудандық қоғамдық ономастика комиссиясының келісімі негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Бескөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Бескөл ауылдық округіне қарасты Бескөл бекетіндегі Школьная көшесі Мұстафа Шоқай, Стадионная көшесі Қобыланды Батыр, Держинский көшесі Нұрғиса Тілендиев, Строительная көшесі Райымбек батыр, Гагарин көшесі Әбілхан Кастеев көшесі атауларына өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау және іс жүзіне асыру Бескөл ауылдық округі әкімінің орынбасары Серікжан Нұрғазыұлы Атажановқа жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Б е с к ө л а у ы л д ы қ
округінің әкімі: *С.А. Сасанов*